

Халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы N 168/4 қаулысы. Павлодар облысы Качир ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 шілдеде N 12-8-86 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 15 маусымдағы N 228/11 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 15.06.2012 N 228/11 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 14)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 1, 2-тармақтарына, 7, 18-1-баптарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Качир ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өкілетті органына:

1) жұмыс берушілермен әлеуметтік жұмыс орындары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мерзімдері мен шарттары көзделген келісім шарттар ж а с а й д ы ;

2) жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жолдау олардың келісімімен жүзеге асырылады және жұмыс берушілермен әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздар есептен алынады;

3) әлеуметтік жұмыс орындарын мынадай өлшемдер бойынша іске асыруға ұсынатын ұйымдарды (кәсіпорындарды) іріктеу тәртібі:

кәсіпорынның төлеу қабілеттілігі, мемлекет алдында салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша қарыздардың жоқтығы;

кәсіпорынның зейнетақы қоры мен әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар жасауды іске асыруы;

қызметкерлерге еңбекақыны уақытылы төлеу.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру "Жұмыспен қамту" 002 бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет қаражатынан іске асырылады.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Качир ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы "2009 жылы халықты

жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша іс-шаралар туралы" N 144/4 қаулысы (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізілімінде N 12-8-70 тіркелген, 2009 жылғы 16 маусымда N 23 "Заря" газетінде жарияланған);

2) Качир ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" N 145/4 қаулысы (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізілімінде N 12-8-70 тіркелген, 2009 жылғы 16 маусымда N 23 "Заря" газетінде жарияланған).

5. Качир ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі "Халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" N 87/3 қаулысы ж о й ы л с ы н .

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күн өткеннен кейін күшіне енеді және 2010 жылғы 1 сәуірде пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ. Мардановаға жүктелсін.

Аудан әкімі *Б. Бақауов*
К а ч и р а у д а н ы ә к і м д і г і н і н
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 0 3 м а у с ы м д а ғ ы
N 1 6 8 / 4 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

N p/б	Халықтың нысаналы топтары
1.	Әйелдер үшін 50-ден асқан және ерлер үшін 55-тен асқан жастағы тұлғалар
2.	Ұзақ мерзім бойы (бір жылдан астам) жұмыс істемеген тұлғалар
3.	21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар
4.	Бірде-бір жұмыс істейтіндері жоқ отбасылардан тұлғалар